



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Салтанатты шара

Адал еңбекке қашанда қолдау бар

Еңбек күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылордадағы «Өнер» орталығында «Адал еңбек – адал азамат» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Оған Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов пен құқық қорғау органдарының басшылары, қала, аудан әкімдері, еңбек ардагерлері, зиялы қауым, шаруашылық өкілдері қатысты.

Салтанатты жиында аймақ басшысы «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жеңімпаздарына 19 арнайы коммуналдық техника және қаржылай сыйақы табыстады.

– Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы өңірімізде қарқынды жүзеге асуда. Қаламыздағы, аудан орталықтарындағы, ауылдардағы парктер, скверлер мен аллеяларды, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандырудамыз. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, тынымсыз еңбек еткен жерлестеріміздің арқасында облысымыз таза әрі көркем аймаққа айналып келеді. «Ауыл – ел бесігі» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ауылды дамыту – мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. Елді мекендерді дамыту, оның ішінде ауылдағы ағайынның өмір сапасын жақсарту, қолайлы орта қалыптастыру, ауылдағы көркейтуді қамтамасыз ету жұмыстарын ынталандыру мақсатында 2023 жылдан бастап дәстүрлі түрде «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Биыл 564 млн



теңгеге 19 техника сатып алынды. Әр аудандағы бір ауылды абаттандыру, көркейту жұмыстарына 100 млн теңгеден астам қаржы беріледі. Ауыл-аймақтың ажарын айшықтап, келбетін көркем етуге бағытталған «Үлгілі елді мекен» конкурсы алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасады. Келер жылы конкурсты өткізуге облыстық бюджеттен 500 млн теңгеден астам қаржы бөлінеді. Бірліктің туын биік ұстап, туған жеріміздің келбетін көркейту жолында аянбай қызмет етіп жүрген еңбек адамдарын әрдайым құрметтейміз, – деді облыс әкімі.

Жыл сайын өтетін «Үлгілі елді мекен» конкурсының «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша I орынды Сырдария ауданының Нағи Ильясов ауылы, II орынды Арал ауданының Қызылжар ауылы, III орынды Қармақшы ауданының Ақжар ауылы жеңіп алды. «Үлгілі аудан» номинациясы бойынша I орынды Шиелі кенті, II орынды Әйтеке би кенті, III орынды Жаңақорған кенті иеленді.

Тірек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін ауылдардың абаттандыру жобаларын қаржыландыруға 15 млн теңгенің сертификаттары табысталды. Атап айтсақ, Арал ауданының Ақбай, Қазалы ауданының Бөзкөл, Қармақшы ауданының Куандария, Жалағаш ауданының Жаңадария, Сырдария ауданының Іңкердария, Шиелі ауданының Майлытоғай және Жаңақорған ауданының Қыраш ауылдарына берілді.

Еске салайық, соңғы екі жылда конкурс жеңімпаздарына 1 млрд 500 млн теңгенің күнделікті ел тұрмысына қажетті заманауи үлгідегі 48 арнайы техникасы табысталған болатын.

Шалғайдағы Жаңадария ауылында ағайынның бүгінде тірлігі мығым. Еңбекке епті елді мекен жұрты жыл сайын бақша өнімдерін баптауда толайым табысқа жетуде. Ауылда қай саланы алып қарасаңыз да даму қарқыны қуантады. Кешегі салтанатты шарада тірек және серіктес елді ме-

кендер санатына кірмейтін ауылдардың абаттандыру жобаларын қаржыландыруға 15 млн теңгенің сертификаттары табысталған болатын. Бұл қаржылай сыйлық дәл осы ауылға да бұйырып отыр. Ауыл әкімі Рауан Ақпанбетов аталған байқау елді мекендердің екінші тынысын ашуға үлкен мүмкіндік беретінін айтады.

– Бұған дейінгі жылдары мұндай қолдауға ауданнан бірнеше ауыл ие болған еді. Енді дәл осындай қуаныштың кезегі Жаңадария ауылына келіп отыр. Мұндай үлкен қолдау үшін аймақ басшысына үлкен алғысымды білдіремін. Бұл байқаудың маңызы жоғары, өйткені мұндай шаралар арқылы елді мекендердің екінші тынысын ашуға болады. Алдағы уақытта шалғайдағы ауылдың шаруасын ширатуға әлі де талмай еңбек етеміз, – дейді ауыл әкімі Рауан Ақпанбетов.

Е.АНУАРҰЛЫ

Еңбек адамы

Рахима әже

«Маған бұл ауылдың бейнетін айтпа» деп бастады әңгімесін Рахима әжеміз. Тыл ардагерінің негізі туған жері – Шіркейлі ауылы. Ол жақта да оқушы кезінде ауылдың қара жұмысына ерте араласты. Бір сөзбен айтқанда, Рахиманың балалық шағы сұм соғыспен қатар келді, елдегі еңбекке жарамды еркеккіндіктің бәрі ұрыс даласында. Ал ауылдағы барлық жұмыс әжеміз секілді сол кездегі оқушы балалардың негізгі міндетіне айналды.

Қазір жыламай алдындағы асын ішпейтін балалар бар, ал Рахима әжеміз мектеп жасында ауылдың тұрмысын түзеуде талай бейнетті еңсерді. Егіс басына барып күріш те, бидай да отады, қолдап егістікке атыз соқты, арық та қазды. Токсан беске таяған қарияның бар арманы «бүгінгі буын сол бейнетті, өзі еңсерген қиыншылықты көрмесе» дейді.

Ол он сегіз жасында Ақарыққа көлін болып түсті. Содан бері кейіпкеріміздің көрмеген бейнеті жоқ. Сол тұста Ақарық, Жаңадария, Аққошқар (қазіргі Еңбек ауылы) ауылы бірігіп, Аламесек ауылдық округі құрылады. 1949 жылы алып техникалар қайдан болсын, десе де ауылдағы ағайын күн көру үшін егін саласына басымдық берді. Тіпті әлі су жүйелері де бір қалыпқа көлмеген шақ, сонда үш ауылдың жастары бірігіп, қазіргі Ақжарма ауылынан Аламесекке дейін каналды қолдап қазып, су өкелді. Соның ішінде Рахима әжеміз де болды.

Тереңдігі 2 метрден асатын бұл каналды қазіргі техникалардың өзі қанша уақытта қазатынын қайдам, бірақ сол тұста үш ауылдың жастары оны бір маусымда аяқтапты. Қазыналы қария алақанын жайып «мына қолымызбен қазып, осы каналды совхоз директорына тапсырдық қой» деп бір күрсінді.

– Ақжарма мен Аламесектің ортасында «Көктебе» деген жер бар, сонда совхоз директоры бірнеше шатыр тікті. Сонда жатып канал қаздық. Ол кезде ішерге астық табу қиынның қиыны. Тек қолда бар көтерем малды бізге сойып беретін. Соны талғажау етіп, қара жұмысты еңсердік қой. Тіпті бірнеше күн ауқаттанбаған күндер де болды. Қазір шүкір ғой, барлығы бар, «осыны, кеңшілік заманды Құдайым көп көрмесе» деймін. Аламесекке келін болып түскелі зейнеткерлікке шығамын дегенше айлық

дегеннің не екенін білмедік. Тек ауылдағы ағайынның күнделікті өмірі бейнелен етті. Бүгінгі кеңшілік заман – біз көрген қиыншылықтың өтеуі шығар, – дейді қазыналы қария.

Аламесектің солтүстік батысындағы Қышбөгеттің бергі жағында «Аралқұм» деген жер бар. Сонда Рахима әжеміз бастаған ауылдың жастары қолдап егістікке атыз соқты, күріш те екті. Шыққан өнімді атпен, есекпен Тереңөзекке тасып, оны өткізіп, елдің тұрмысына қажетті заттар алып келетін. Бір сөзбен айтқанда, кейіпкеріміз тың игеру жылдарына дейінгі қара жұмыстың барлығының басы-қасында болды.

Қазіргідей алып техникалар болмаса да, бертін келе заман түзеле бастады. Бірақ елге үлкен салмақ салған соғыстың жарасы әлі жазыла қойған жоқ. Соғыстан кейінгі жылдары тұралаған шаруаны ширату да оңайға соқпады. Бірақ елге ер азаматтар келіп, салаға техникалар еніп, нәзікжандардың жұмысы сәл де болса жеңілдегендей болды.

Рахима әжеміз сонда да егіс басында еңбек етті. Сол тұста қаншама шаруа адамының ас-ауқатын дайындау оңай емес еді. Бригадир Балтабай Ыбыраевтың қарамағында 3 жыл аспаз болды, бір бригадтың жүзге жуық еңбек адамына 2 мезгіл ас дайындады. Одан кейін тағы 2 жыл аспаз болып, шаруа адамдарының ас-ауқатын дайындауда абыройлы еңбек етті.

– Бес жыл егіс басында еңбек адамдарының ас-ауқатын дайындадым. Одан кейін тағы 2,5 жыл аспаз болдым. Екі келіншек жүзден астам адамға екі мезгіл ас дайындаймыз. Кейде қасымдағы әріптесім ауырып қалады, сонда дала дарабоздарына бар өзім тамақ әзірлеген күндер де болды. Ол кезде де айлық дегеннің не екенін білмедік. Тек ауылдағы ағайынның күнөресін қам-



тамасыз етсек жеткілікті, бар мақсат-мүддеміз осы болды. Бүгінгі жастарды жалқау деуден аулақпын. Дұрыс, заман талабына сай өмір сүру керек. Бірақ бүгінгі буын қиынсынып жүрген жұмыс біз көрген бейнеттің қасында түкке де тұрмайды. Көз келген жағдайға шүкіршілік ету керек. Біз «барына қанағат» деген адамбыз. Адамда қанағат болуы керек, сонда ғана кез келген қиыншылықты еңсеруге жол ашылады, – дейді ардақты әжеміз.

Рахима Зербатқызы Сырдария ауданы Шіркейлі ауылында 1931 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. Анасы Ғалия қызы қырқынан шықпай жатып қайтыс болған. Әкесі Зербат ірі денелі, қосауыз мылтығы, кетпені қолынан түспейтін еңбекқор кісі болған. Анасы қайтыс болғаннан кейін кейіпкеріміз Нұрсұлу әжесінің тәрбиесінде болған. Рахима әжеміздің 7 жасында әлі де елде аштықтың беті қайтпаған шақ еді, сол тұста ауылына шешендер көшіп келіп паналапты. «Қаншама адам аштықтан өліп кетті. 1941-1945 жылдары сұм

соғыстың уақытында 10-15 жас аралығындағы балаларды бидайлық жерді өңдеуге, өнім піскенде оруға алып баратын. Ол кезде техника жоқ, қолмен орып, қолмен жинайтынбыз» деп күрсінеді әжеміз.

Ол Аламесектегі Тайшық атамyzбен отау құрды. Ауылға келгені жасаған еңбегін жоғарыда айттық. Бүгінде жергілікті шаруашылықтар сол әжеміз бастаған жастар қазған каналды әлі де пайдаланып отыр.

Тайшық атамyz бен Рахима әжеміз 3 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірді. Ұлын ұяға, қызын қырағи қондырды. Кейіпкеріміз 8 баладан 30 немере, 48 шөбере, 3 шөлшек сүйді. Бір сөзбен айтқанда, үй мен түздің жұмысын қатар алып жүрді. «Аллаға шүкір, ендігі бар тілеуім, осылардың, елдің амандығы» дейді қазыналы қария. Оның өнегелі өмір жолы, адал еңбегі – қашанда жастарға үлгі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Құттықтау

Құрметті ардагерлер!

Сіздерді 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қоғамымызда үлкенге құрмет көрсету – ата-бабамыздан келе жатқан асыл дәстүр. Сіздер бүгінгі ұрпаққа өнеге болып, ақыл-кеңестеріңізді айтып, қоғамдық өмірге белсене араласып келесіздер. Құрметті демалыста жүрсеңіздер де ауданымыздың мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, жастарға тәлім-тәрбие беруден жалыққан емессіздер. Бұл – сіздердің қоғамдағы беделдеріңіз бен елге деген шынайы жана-шырлықтарыңыздың көрінісі.

Бүгінгі таңда Мемлекет тарапынан ардагерлердің әл-ауқатын арттыруға, белсенді өмір сүруіне жан-жақты жағдай жасалуда. Биыл аймақ басшысының қолдауымен ауданымызда ашылған «Руханият» орталығынан ардагерлер ұйымына арнайы кеңсе берілді. Бұл – ардагерлерге деген шынайы құрметтің, қамқорлықтың белгісі. Аудандық ардагерлер кеңесі өз құрамына 4043 зейнеткерді біріктіріп, ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

Қымбатты ардагерлер!

Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз, парасат-пайымдарыңыз – жастар үшін үлкен тәрбие мектебі. Әрдайым ақылшы, кеңесші болып, қоғаммен етене араласып келе жатқандарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға амаңдық, бақ-береке тілеймін.

Құрметпен, Ардақ ИБРАИМОВ,
аудан әкімі

Сендер барда ел тыныш, халқыз аман

Кеудесін көрнегенде заңғар арман,
Мекенін еңшілеген май дағамнан.
Бабалар ел бірігіп ойлағандар,
Амансыз наркесексіз қанға манған.

Кейіпкер жоқ олар текке қолын қалған,
Жайткенде баба арманы орындамақ,
Бүгінгі ардагерлер кеме жайыр,
Кешегі бабалардың жолын жалған.

Тамырын төрегі тартып тектілерден,
Көкейге, көңілге қойып көріген,
Халқымыздың түп-тұңғиық шежіресі,
Өздеріңмен жаңғырып жетісті бермен.

Жарымен берекелі үй көріген,
Сендер барда кешпейді сый төрімен,
Кеудесің ақ сандық қазыналы,
Құлбір етсе, керісінсін күй төгіген.

Елім деп емірленбесе, ерге сапар,
Түп төңіре тартыпсаң, төбесі олар,
Ана жолдан азық алыс кетсе,
Мылшықты түзеу үшін төзге сапар.

Аман десеңіз тағзым көнеде көп,
Жалатын әрбір ісі өнеге көп,
Алғашқы қартың бары қандай жақсы,
Жетімізге елдің мұңын төреге көп.

Сақтап келдің сарғиыптай салтыңды аман,
Сондықтан да жоғары нарқың маған,
Жарымамын, сендер барда қазың бар,
Сендер барда ел тыныш, халқыз аман.

Серік БЕРМАНОВ,
ақын, ардагер-журналист



2 ҚОҒАМ

Еңбегімен елге үлгі аналар

Байқоңыр қаласында ТМД елдерінің қатысуымен VIII «Халықтар достығы» халықаралық фестивалі өтті. Бұл сайыс түрлі халықтардың мәдениеті және дәстүрлерімен танысу, ұлтаралық байланысты нығайту мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

Фестивальдің ашылуында Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» көшеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға мерекелік тілектерін жеткізді.

Қайрат Нұртай өз сөзінде ұлттық мәдениет фестивалі Байқоңыр мен Қызылорда облысында тұратын түрлі этнос өкілдері үшін үлкен достық мерекесіне айналғанын тілге тиек етті.

Фестиваль қаладағы мекемелер мен кәсіпорындар ұжымдарының, сондай-ақ облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктерінен құрылған топтық шеруімен ашылды. Фестиваль аясында «Достық» шеруі, «Халықтан – бір рецепті» ұлттық тағамдар байқауы, «Ұлттық киімнің поэзиясы» киімдер байқауы, «Кілемдегі кестелі өрнек» сәндік-қолданбалы шығармашылық байқау-көрмесі, «Әлем өрнектері» бейнелеу өнері байқауы, «Халық ойындары» спорттық жарыстары, «Біз әртүрліміз, бірақ біргеміз» би байқауы ұйымдастырылды.

Этносаралық татулық пен мәдениетті насихаттауға бағытталған шараға Қызылорда облысының атынан Достық үйі – «Қоғамдық келісім» КММ достық командасы, Жалағаш ауданының «Ұлағатты аналар» кеңесі ұжымы қатысып, I орынды жеңіп алды. Жалағаштық аналар фестиваль барысында ұлттық дәстүрді, тұрмыстық мәдениетті және көленер бұйымдарын таныстырып, еңбектері жоғары бағаланды. Ұлттық киімдегі ақжаулықты аналарымыз фестиваль барысында кілем мен тесенші тігуден айналысып, ұршық иіріп, жүн түтіп, ши тоқыды.

Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары, Президенттің арнайы өкілі Қайрат Ырзақұлұлы караша айында Байқоңырдан ұшырылатын зымыран ұшыру рәсі-



міне «Ұлағатты аналарды» шақырды.

Айта кетейік, аудандық «Ұлағатты аналар» кеңесі 2019 жылы құрылып, сол уақыттан бері ұрпақтар сабақтастығын сақтауға, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығайтуға өз үлесін қосып келеді. Олар былтыр Түркістан қаласында «USHAR KZ» Қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен II республикалық «Шауақты шақ – 2024» ән байқауында бас жүлдені иеленген болатын.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі алдыңғы буын асыл аналарымызды қоғамдық шараларға белсене қатыстырып, отбасылық дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатындағы ән байқауда жалағаштық аналар хор, трио, дуэт және жеке орындау кезеңдерінде үздіктер қатарынан көрінді.

Талантымен таңдай қақтырып, үнінің сыңғыры бұзылмаған аналар халық

өндерінің тарихына қанық болып, әркез жатқа айтып жүреді. Қазіргі уақытта «Ұлағатты аналар» кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова екең ансамбльдің құрамында 25 әже өнер көрсетеді. Олардың әрқайсысы – ауылдың дамуына өз үлесін қосып жүрген, әр саланың үздігі. Олар өнер ұжымында тек қана ән айтып қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына жұмыс жасайды.

Олар кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталған шараларда білген-түйгендерін үйретіп, қоғамдық шараларға да белсенділік танытады. Өнердің берекесін арттырып жүрген аналардан құралған ансамбль мүшелерінің ең жасы енді қырыққа қадам басса, ең үлкені алпыстың ауылына ат басын бұрған.

– Ұжымдағы аналардың бәрі өнерлі. Аталған байқауға өздерінің қолынан шыққан көленерлерін апарып, көпшіліктің көңілінен шықты. Аналарымыздың көбісі – батыр ана. Бос уақытында киіз басып,

тоқыма тоқумен, құрақ көрпешелер тігуден айналысады. Мұнан бөлек мәдени шараларға да тұрақты қатысып, өзінен кейінгі жас буындарға келін-немерелеріне ұлттық көленерді үйретіп келеді. Аналарымыздың бастамасымен көптеген тағылымды шара өтуде. Соның бірі – Аққұм ауылында өткен «Шолпысы әсем жарасып белге» атты көшеаралық байқау. Мұнан бөлек жастармен өтетін дөңгелек үстелдер де аналарымызды қатысуымен жүргізіледі, – дейді «Қоғамдық келісім» КММ аудан бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшысы Әсел Балмырзаева.

Иә, тәлім мен тәрбиенің тұңғыш болған аналар қашанда құрметке лайық. Қай кезде де мәдени шараның сөнін келтіріп жүретін «Ұлағатты аналар» кеңесінің өнері өміршең, еңбегі ерен.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Бөрекелді!

«Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында «Amanat» партиясы аудандық филиалының бастамасымен бастауыш партия ұйымдарының ардагерлері арасында балық аулаудан сайыс өтті. Игі шараның негізгі мақсаты – ардагерлер арасында балық аулауды кеңінен насихаттау, аға буынды салауатты өмір салтына ынталандыру және бастауыш партия ұйымы арасында достық қарым-қатынас қалыптастыру, күнделікті тіршілік барысынан демалыс ұйымдастыру.

Қариялар қармақ салды



Сайысқа ережеге сәйкес Жалағаш кенті және ауылдық округтерден барлығы 21 ардагер қатысты. Балық тек қармақпен ауланды. Әр қатысушыға жарыста үш қармаққа дейін қолдануға рұқсат беріліп, ау, шанышқы, басқа да құралдарды қолдануға қатаң тыйым салынды.

Шарада ардагерлер бір-бірімен тәжірибе бөлісіп, өзара өмен-жарқын әңгіме-дүкен құрды. Қатысушылардың балық аулауға деген қызығушылығы, белсенділігі мен ұйымшылдығы ерекше байқалды.

Қорытындысына келсек, «Тапқырбалықшы» номинациясымен Сөйілхан Жидебаев марапатталды. Ал «Тәжірибелі балықшы» номинациясы Берікбай Айназаровқа бұйырды. Сондай-ақ «Ең төзімді балықшы» номинациясы Өмірзақ Көшекөвке бұйырды. Мұнан бөлек «Балықшылар серкесі» номинациясымен Жұбатбек Оразалиев марапатталды.

Жұлделі орындарға келсек, Қожантай Құлмахан, Өтеген Абілов пен Дархан Мылтықбаев үздік үштікті түйіндеді. Ал II орынды Селексадд Бецевен пен Болат Тұңғышбаев өзара бөлісті. I орын «Еңбек ауылдық округі» БПҰ-ның ардагері Райбек Медеуовке бұйырды. Сайысқа қатысушыларға «Amanat» партиясы атынан арнайы бағалы сыйлықтар табысталды.

Шара соңында ардагерлерге арнайы дастарқан жайылып, бата-тілектерін, ізгі пәбіздерін білдірді. Бұл шара тек жарыс қана емес, ардагерлер арасында сергек өмір салтын насихаттаудың жарқын үлгісі болды. «Amanat» партиясы алдағы уақытта да ел игілігіне бағытталған мұндай бастамаларды тұрақты түрде жалғастырады.

Шара өте тартысты өтті. Қазыналы қариялар қармақ салып, балық аулады. Сондай-ақ ой сергітіп, бір-бірімен пікір алмасты. Алдағы уақытта да игі шаралар жалғасын табады. Бүгінгі жарыста ардагерлер өздерінің балық аулауға ептілігін байқатты. Мұның өзі үлкен еңбек екені белгілі. Әсіресе ауылдық елді мекендерден ардагерлеріміздің қатысуға түгел келуі олардың белсенділігін аңғартты. Барша қатысушыға алғыс білдіреміз, – деді Amanat» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева.

Е.АНУАРҰЛЫ



Түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Ауданда республикалық ақпараттық-насихаттық топ мүшесі, исламтанушы Жанболат Хүшкелдіевтің қатысуымен бірқатар маңызды іс-шара өтті. Аталған шаралар аудандық қоғамдық даму бөлімінің «Облыс тұрғындары арасында дін қызметкерлерінің қатысуымен діни-ағартушылық жұмыстарын жүргізу» әлеуметтік жобасы аясында және «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.




Іс-шаралар аясында аудан жастарымен, тұрғындармен, спорт қызметкерлерімен, дін қызметкерлерімен, мешіт жамағатымен кездесу ұйымдастырылды. Онда рухани құндылықтарға негізделген тәрбиенің маңызы, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік пен жастардың рухани иммунитетін қалыптастыру мәселелері кеңінен қозғалды. Қатысушылармен ашық сұхбат болып, пікір алмасты.

«ЖЖ» ақпарат

Брифинг

9 айда 75 адам медициналық көмекке жүгінген



Биыл ауданда 9 айда жануарлардың тістеуі, тырнау, сілекейленуінен зардап шегіп, медициналық көмекке 75 адам жүгінген. 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіш 208,3-ті құрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда зардап шеккендер 33 жағдайға көбейген. Былтыр 9 айда дәл осындай 42 жағдай тіркелген. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

Спикер жарақат алғандардың ішінде 24 жағдайы немесе 32 пайызы иесі белгілі жануардан, 51 жағдайы, яғни 68 пайызы иесі белгісіз жануарлардан жарақат алғанын айтады. Жануарлардан жарақат алушылардың 37 жағдайы немесе 49,3 пайызы кент тұрғындарының үлесінде. Қалған 38 жағдай ауылдық округтерде орын алып отыр.

Тарқатып айтсақ, Ақсу ауылында 6, Мәдениетте 3, Мырзабай ахун елді мекенінде 2, Мақпалкөлде 1 жағдай тіркелген. Сондай-ақ Жаңаталапта дәл осындай 1, Аққұмда 9, Бұқарбай батыр ауылында 1, Таңда 1, Еңбек ауылында 3, Есет батырда 5, шалғайдағы Жаңадарияда 1, Қаракеткенде 3 және Мерәлі Шеменов ауылында 2 жағдай орын алған.

Ауданның бас санитары балаларды да қараусыз қалдырмау қажеттігін қаперге салды. Өйткені олар қорғанды білмейді. Мәселен, 9 айда 5 жасқа дейінгі 11 бала дәл осындай жағдайға тап болған. Мұнан бөлек 6-14 жас аралығындағы балалар арасында 24 жағдай тіркелген. Ал 15-17 жас аралығындағы балалар арасында 4 жағдай орын алған.

– Жануарларды қараусыз жіберуге болмайды. Медициналық көмекке жүгінгендер қатарында балалар да бар. Олардан бөлек 18-25 жас аралығында 3 жағдай анықталды. Сондай-ақ 26-30 жас аралығында дәл осындай 3 жағдай тіркеліп отыр. Мұнан бөлек 31-35 жас аралығында 2, 36-40 жас аралығында 3, 41-45 жас аралығында 2 және 46 жастан жоғары 23 адам осындай жағдаймен бетпе-бет келіп отыр, – деді Г.Айымбетова.

Құтырма – барлық жылы қанды жануарлар-хайуанаттарда кездесетін ауру, ол тістеу арқылы сілекеймен қанға беріледі, яғни жұғады. Құтырма

энцефалит (бас миының қабынуы), сал ауруы, құрысқақ түрінде шығады. Аурудың соңы өлім-жітімге әкеліп соқтыруы әбден мүмкін.

Құтырма – адамның орталық жүйке жүйесінің зақымдануын аңғартатын вирустық ауру түрі. Қоздырғыш ауруға шалдыққан жануардың сілекейі арқылы беріледі. Құтырма вирусы сыртқы ортада қайнату барысында 2 минуттан соң, дезинфекциялағыш ерітінділер көмегімен 3-5 минуттан соң жойылады. Олар кепкен және қатырылған (мұздатылған) күйде ұзақ сақталады.

Науқас түріне шалдығу ауру жануардың тістеуі кезінде, немесе теріні сілекейлегенде (егер микротравмалар болса) орын алады. Құтырма адамнан адамға берілмейді, алайда науқас адамдармен немесе жануарлармен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік шараларын сақтап, қорғағыш киімдерді (халат, бас киім, қолғаптар, көзілдірік және т.б.) пайдаланған жөн. Сонымен қатар құрал-саймандарға, қондырғыларға, бөлме-жайларға т.б. дезинфекциялау шараларын жүргізу қажет.

Құтырманың асқинуы немесе көбею барысы 30-90 күнге дейін жалғасады. Алайда ол 7 күннен 1 жылға дейін созылуы да мүмкін. Құтырманың жалпы клиникалық бейнесі көпшілікке танымал. Науқас көбінесе жағымсыз күйлерден басталады. Тіс батқан жер ауырады. Мұның арты лихорадкаға ұласуы мүмкін.

Сонымен қатар адамның ұйқысы қашып, көңіл-күйі болмайды, қорқыныш, шаршау сезімі мен түрлі дыбыстар мен бейнелерге түршігіп тұрады. Сондай-ақ тыныс жолдары мен жұтуы қиындап, ақыл-есі бұзылып, сандырақтауы мүмкін.

Құтырманы емдеудің тиімді жолдары бар. Аурудың асқинуы адамды өлімге алып келеді. Өлім-жітімге әкеп соқтыруы бұрынғыдай 100 пайыз. Осыған байланысты жануарлар тістеп алған жағдайда бұл аурудың асқынып кету қаупінің алдын алуға бағытталған шараларға үлкен назар аударылады. Құтырманың асқынп кетпеуінің өзіндік жолы да бар, ол – уақытылы антирабикалық вакцинаны егу. Бұл жануарлар тістеген жағдайларда ауруханаға қаралу кезінде антирабикалық иммуноглобулин егіледі.

Жануар тістеп алған жағдайда жедел түрде травпунктке барып, антирабикалық көмек алу қажет. Антирабикалық көмек жарақат орнын өңдеуден (жарақат орнын сабынды сумен мұқият тазалау), антирабикалық вакцинаны немесе антирабикалық иммуноглобулин (АИГ) мен антирабикалық вакцинаны қатар салудан тұрады. Емдік курс жалпы 5 екепеден (0-күн, 3-күн, 7-күн, 14-күн, 28-күн, бұл егер тістеп алған жануар белгісіз болса, немесе өліп қалса) тұрады. Белгілі жануар тістеп алған жағдайда ветеринарға бұл жануарды тексерту қажет. Жануарды асырауға алған адам оның денсаулығы мен күтіміне жауап беруі керек. Жануарлар тістеп алған жағдайда дәрігерлік көмекке көңіл бөліп, қарау керек және құтырмаға қарсы екпелердің толық профилактикалық курстарынан өтуі қажет.

Биыл 9 айда тіркелгендердің 46,6 пайызы аяқ жарақаты, 30,6 пайызы білек, алақан, қол саусақтарынан жарақатталған, 9,3 пайызы дене жарақаты, 5,3 пайызы бас, бет жарақаты, 4 пайызы мық жарақатын алса, 2,6 пайызы екі немесе бірнеше жерден жарақаттанған. Ал 1,4 пайызы мойын-

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

